



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 [Print]
ISSN: 2788-9718 [Online]
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 219–
234
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_219-234

БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Клара Айтқалиқызы Саркенова¹, Бибігүл Сейілқызы Әбенова²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих магистрі, ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0009-0004-5720-6138>. E-mail: 59klara@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Саркенова К.А., Абенова Б.С., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ресей империясының XVIII ғ. – XIX ғасырдың 1-жартысында Қазақ даласында жүргізген әкімшілік саясаты, М.М. Сперанскийдің «Сібір қазақтары туралы жарғысы» империяның геосаяси мүддесінен туындаған еді. Бұл жарғыға сәйкес Батыс Сібірдің оңтүстігін қоныстанған қазақтар «бұратана» халыққа жатқызылып, қазақ жері әкімшілік-аумақтық бөлініске түсті. Жалпы Сібірдің әкімшілік бөлінісі әркез сол өңірдің географиялық шекарасымен үйлеспей әрі ол өз кезегінде зерттеудің аумақтық шегін анықтауда бірқатар күрделілік тудырғаны белгілі. Сондықтан қазақ халқының келешек тағдырын шешкен маңызды оқиғаларға толы аталмыш кезеңдегі Батыс Сібір аймағын зерттеудің Қазақстан тарихнамасы үшін маңызы зор. *Мақсаты мен міндеттері.* XVIII ғасырдың 30-40-жылдарынан Қазақ даласының бірқатар бөлігі Ресейге қарады. Осы уақыттан Еуропа мен Ресейде қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық білім жинақтала басталды әрі Қазақ даласының тарихы мен этнографиясының алғашқы зерттеушілері әскери және әр түрлі ресми дәрежедегі азаматтық шенеуніктер болды. Осылайша жинақталған мәліметтер және Қазақстан мен Ресейдің архив қорлары материалдары Батыс Сібірдің әкімшілік-аумақтық округтерге, болыстықтар мен ауылдарға бөлінуі, сондай-ақ Қазақ даласында орын тепкен Ресейдің әскери-тірек нысаналары мәселелерін зерттеуге негіз болды. *Нәтижелер.* Мақалада Орта жүз аумағында XVIII ғасырдың басынан Ресейдің Тара қаласынан Ертіс өзенінің жоғары ағысына дейінгі аумақта әскери-тірек пункттерінің салына бастауы, XIX ғасырдың бірінші ширегінде әкімшілік-территориялық бөлініс арқылы Сібір шептері сыртқы округтерінің ұйымдастырылуы, «округтік приказдардың» қойылуы, Жайық сағасынан Өскеменге дейін ұзындығы 3,5 мыңға созылған бекіністер желісінің қалыптасуы, сонымен қатар Батыс Сібірдің оңтүстігінде орналасқан қазақтар, т.б. мәселелер қарастырылды. *Қорытынды.* Даланың саяси-қоғамдық құрылысы мен шаруашылық тәртібі нақты ескерілместен

жүзеге асырылған М.М. Сперанскийдің реформасы алғашқы әрекеттерінен-ақ қазақ қоғамында жіктеліс туғызып, ондаған жылдарға созылған ұлт-азаттық қозғалыс туғызды. Және біз қарастырып отырған кезеңде округтік приказдар кең-байтақ даланың бір бөлігін ғана бақылай алды, әкімшіліктендіру ауылдар мен аға сұлтандардың иеліктерін ғана қамти алды. Яғни жаңа әкімшілік жүйе қамтымаған көптеген ауылдар аумақтық шектеулерге қарамастан дәстүрлі бағыттарымен көші-қонын жалғастыра берді. Дегенмен, Сібірдің Ресейге қосылуы оның территориясын қалыптастырып, империялық құрылыстың жүзеге асырылу процесіне жол ашып берді.

Түйін сөздер: Батыс Сібір, Орта жүз, бекініс желілері, граф М.М. Сперанский, әкімшілік реформа, сыртқы округтер, округтік приказдар, қазақтардың орналасуы

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН АР23489137 «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары: XVIII ғ. соңы – XIX ғ.» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

Дәйексөз үшін: Саркенова К.А., Әбенова Б.С. Батыс Сібір: әкімшілік-территориялық бөлінісі, қазақтардың орналасуы (XVIII ғ. соңы – XIX ғ. 1-жартысы) // Отан тарихы. 2026. Т. 29 № 1. 219–234-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_219-234

ЗАПАДНАЯ СИБИРЬ: АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ ДЕЛЕНИЕ, РАССЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ (XVIII В. – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX В.)

Клара Айткалиевна Саркенова¹, Бибигуль Сеиловна Абенова²

¹Институт истории и этнологии имени Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
Магистр истории, научный сотрудник
<https://orcid.org/0009-0004-5720-6138>. E-mail: 59klara@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Саркенова К.А., Абенова Б.С., 2026

Аннотация. *Введение.* Административная политика Российской империи в Казахской степи в XVIII в. – первой половине XIX века, согласно реформе М.М. Сперанского «Устав о Сибирских киргизах», вытекала из геополитических растущих интересов империи. Управление Сибирью в дореволюционное время имело определенную специфику. Известно, что административное деление Сибири в целом не всегда совпадает с географическими границами региона, что, в свою очередь, создает ряд трудностей при определении территориальных границ исследований. Поэтому изучение Западно-Сибирского региона в этот период, полный важных событий, определивших дальнейшую судьбу казахского народа, имеет огромное значение для историографии Казахстана. *Цели и задачи.* С 1730 по 1740 годы определенная часть Казахской степи была присоединена к России. С этого времени в Европе и России начали накапливаться исторические и этнографические знания о казахском народе, а первыми исследователями истории и этнографии Казахской степи стали военные и гражданские чиновники различных рангов. На протяжении XVIII – в первой четверти XIX в. Российские власти не обладали реальной силой напрямую овладеть Казахской степью и проводили политику постепенного превращения ее в колонию. В статье исследуется административная политика России в Сибири в первой половине XIX в., и рассматриваются проблемы, связанные с административно-территориальным устройством Сибири. *Результаты.* В данной работе рассматриваются вопросы строительства военных укреплений на территории Среднего жуза с начала XVIII века, организации внешних округов на данной территории, установления окружных приказов, в результате которых строительство ряда линий крепостей простиралось на 3,5 тысячи километров от устья Урала до Усть-Каменогорска. *Заключение.* Реформы М.М. Сперанского, проведенные без учета политической и социальной структуры и экономического порядка степи, с самых первых шагов

вызвали раскол в казахском обществе и дали начало национально-освободительному движению, продолжавшемуся десятилетиями. В рассматриваемый нами период окружные приказы могли контролировать лишь часть обширной степи, а административная система охватывала только аулов и собственно владения старших султанов. То есть многие, не охваченные новой административной системой, продолжали кочевья по своим традиционным маршрутам, несмотря на территориальные ограничения. Однако присоединения Сибири к России сформировала её территорию и проложила путь к осуществлению процесса имперского строительства.

Ключевые слова: Западная Сибирь, Средний жуз, линий укреплений, граф М.М. Сперанский, административно-территориальная реформа, внешние округа, окружные приказы, расселение казахов.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Структуры управления казахами Западной Сибири: конец XVIII в. – XIX век» [регистрационный номер AP23489137].

Для цитирования: Саркенова К.А., Абенова Б.С. Западная Сибирь: административно-территориальное деление, расселение казахов (XVIII в. – первая половина XIX в.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 219–234. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_219-234

WESTERN SIBERIA: ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL DIVISION, PLACEMENT OF KAZAKHS (LATE 18th CENTURY – 19th CENTURY)

Klara A. Sarkenova¹, Bibigul S. Abenova²

¹ Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Master of history, Researcher
<https://orcid.org/0009-0004-5720-6138>. E-mail: 59klara@mail.ru

² Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, Associate professor
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Sarkenova K.A., Abenova B.S., 2026

Abstract. Introduction. The administrative policy of the Russian Empire in the Kazakh steppe in the 18th century – first half of the 19th century, according to M.M. Speransky's reform "Charter on the Siberian Kirghiz (Kazakhs)", arose from the empire's growing geopolitical interests. Administration of Siberia in pre-revolutionary times had its own unique characteristics. It is well known that the administrative divisions of Siberia as a whole do not always coincide with the region's geographic boundaries, which, in turn, creates a number of difficulties in defining the territorial boundaries of research. Therefore, the study of the West Siberian region during this period, full of important events that determined the future fate of the Kazakh people, is of great importance for the historiography of Kazakhstan. *Purpose and objectives.* From the 1730s to 1740s, a portion of the Kazakh steppe was annexed by Russia. From this time on, historical and ethnographic knowledge about the Kazakh people was accumulated in Europe and Russia, and military and civil servants of various ranks became the first researchers of history and ethnography of the Kazakh steppe. During the 18th and first quarter of the 19th centuries, Russian authorities did not have enough power to establish control over the Kazakh steppe and gradually turned it into a colony. This article is devoted to the administrative policy of Russia in Siberia in the first half of the 19th century and examines problems associated with the administrative-territorial structure of Siberia. *Results.* The article examines the construction of military fortifications in the territory of the Middle Zhuz from the beginning of the 18th century, the organization of external districts in this territory, the establishment of district orders, as a result of which a number of networks of fortresses were built, stretching for 3.5 thousand kilometers from the mouth of the Ural to Ust-Kamenogorsk. *Conclusion.* M.M. Speransky's reforms, carried out without regard for the political and social structure and economic order of the steppe, from their very first steps caused a

split in Kazakh society and gave rise to a national liberation movement that continued for decades. During the period we are considering, the district office could control only part of the vast steppe, and the administrative system covered only the villages and the possessions of the senior sultans [aga sultan]. That is why, many Kazakhs not covered by the new administrative system continued to migrate along their traditional routes, despite territorial restrictions. However, the annexation of Siberia to Russia shaped its territory and paved the way for the process of imperial construction.

Keywords: Western Siberia, Middle zhuz, fortification lines, M.M. Speransky, administrative-territorial reform, outer district, district order, location of the Kazakhs.

Acknowledgements. The article was carried out within the framework of the implementation of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Management structures of the Kazakhs of Western Siberia: the end of the XVIII – XIX centuries» (registration number AP23489137).

For citation: Sarkenova K.A., Abenova B.S. Western Siberia: administrative-territorial division, placement of kazakhs (late 18th century – 19th century) // Otan tarihy. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 219–234. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_219-234

Кіріспе. XVIII ғасыр – қазақтың тағдыры талқыға түскен күрделі кезең. XVIII ғасырдың 20-жылдарынан Қазақ даласына сол кезеңнің аймақтағы күші мығым мемлекеті – Жоңғар хандығы зор қауіп төндірді. Сонымен қатар, сол кезеңнен Ресей империясының Қазақстанды өз ықпалына алуға ұмтылысы басталып, ол жүз жылдан астам уақытты қамтыды. Қазақстанды патша өкіметінің жаулап алуы ресми есептер көрсеткеніндей, жеңіл әрі «әскери серуен» түрінде болмағанына отарлаудың бастапқы кезеңінен XX ғасырға дейін созылған халық көтерілістері дәлел.

XVIII ғасырда Ресейдің халықаралық және ішкі жағдайы империя мүддесіне сай даму жолына түсті. Оның қаржылық, әскери қажеттіліктері Сібірдің байтақ өңірін жаулап алуға итермеледі. Онда тау-кен ісі дамып, бірнеше өнеркәсіптік аудандар пайда болды және оларды қорғау мақсатында әскери шептер құрыла бастады. Батыс Сібірде Омбы, Өскемен, Семей, Петропавл, т.б. бірнеше бекініс салынды. XVIII ғасырдың соңына таман Қазақ даласының біршама ауқымды аймағы Ресейге қарады. Әсіресе, Омбы қаласының Батыс Сібірде Ресейдің позициясын нығайтудағы маңызы зор болды. Сол уақыттағы империяның орталық тірегіне айналып үлгерген Орынбор бекінісінен шығысқа қарай Батыс Сібірді Үй желісі жалғастырды. «753 верстаға созылып, 9 бекініс пен редуттан тұрған Үй желісі Жоғары Жайық бекінісінен басталып, Звериноголовскіде аяқталды, одан 59 верста қашықтықта Сібірдің алғашқы бекінісі Пресногорьковск пайда болды» [Асфендияров, 1998: 34-35].

XIX ғасырдың соңына таман Батыс Сібірдің оңтүстігі 15 млн халықты асырай алатын Орыс империясының ең бай өңіріне айналды. Бұндай өнімді аймақты қорғау мақсатында XVIII ғасырдың соңында Оралдан Орынборға, Орскіге, Петропавл мен Омбыға, одан әрі Ертіс бойымен Өскеменге дейін созылған казак станицалары мен форттардан тұратын ұзын да айналма қорғаныс желілері салынып үлгерді. Дегенмен, Орынбор-Сібір қорғаныс желісі Ресей империясына жаулап алынған ұлан-байтақ аумағын қорғауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан, Қазақ даласында әскери-тірек пункттері тұрғызылып, сол арқылы империя оңтүстік-шығыс, оңтүстікті жаулап алуды көздеді. 1830-1840 жылдары Аягөз приказы, Қапал, Арал теңізі жағалауында Арал [Райым] бекіністері, Сырдарияның оңтүстігінде №1 Қазалы, одан алыс емес жерде №2 Қармақшы форттары, Сырдарияға құятын Қуан өзені бойында №3 форт құрылыстары жүргізіліп, ал 1854 жылы Сырдариядағы стратегиялық маңызды Ақмешіт қирандысының орнында Перовск, Іле аңғарында Верный бекіністері пайда болды [Валиханов, 2010: 202]. 1856 жылы жаңа қосылған аудандарды басқару мақсатында «Үлкен орда приставтығы» «Үлкен Орда қазақтары және Алатау округі» болып өзгертіліп, орталығы Қапалдан Верныйға ауыстырылды. Оралдан Өскеменге дейін созылған айналма шекараны қамтамасыз ету практикалық жағынан қиын болғандықтан, Ресей билігі Перовск және Верный аралығын қысқа шекара арқылы қосу мақсатында 1860-жылдары, алдымен генерал А.Э. Циммерман, кейін генерал М.Г. Черняевтің әскери экспедицияларын ұйымдастырды [Семенов, 1889]. Нәтижесінде, 1864-1865 жылдары, Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Ташкент қалалары жаулап алынып, 1865 жылы Түркістан облысы құрылды. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысын, сондай-ақ Орта Азияның бірқатар бөлігін Ресей басып алған соң, 1867 жылы Жетісу мен Сырдария облыстарынан тұрған Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей өзінің шет аймақтарда империялық кеңістік құрудағы әскери-әкімшілік, экономикалық-әлеуметтік, идеологиялық сипаттағы кезеңін аяқтап, аумақтық

тұтастығын нығайтып, шекаралық межесін бекітті. Орыс географиялық штабының қызметкері, Бас штабтың офицері М.И. Венюковтың термині бойынша ол «тұрақты» мемлекеттік шекара деп есептелгенімен, дегенмен, бұл әскери бекіністер желісі мен форпосттардан құралған «саяси шекара» болды [Безвиконная, 2017: 232].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу барысында архив құжаттары, сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейін Ресейдің баспа беттерінде ресми жарияланған материалдар пайдаланылды. Қазақ даласында тұрғызылған Ресейдің әскери-тірек пункттеріне қатысты ауқымды деректік қор Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, мысалы, «Дала генерал-губернаторының канцеляриясы», «Қарқаралы және Көкшетау округтік приказдары», «Ақмола сыртқы округтік приказы», «Аманқарағай округінің ашылуы», «Көкшетау, Қарқаралы округтерінің ашылуы және Орынбор мен Сібір қырғыздары арасында шекара орнату», «Сібір қырғыздары облыстары бойынша 1860 жылғы есеп», «Сібір қырғыздарын шекаралық басқару, (1822, 1838-1868), «1793 жылғы Үкіметтік Сенаттың жарлықтары, Кузнецк сот үйінің Колывань наместнигі басқармасымен жүргізген бұйрықтары, өзара хаттары», «Семипалата коменданттық канцеляриясы», «1740 жылғы Ямышево (Жәміш – автор) коменданттық канцеляриясы», т. б. атаулар арқылы сақталған.

XVIII ғасырдың 30-40-жылдарынан Қазақ даласының бірқатар бөлігінің Ресей құрамына енуімен Еуропа мен Ресейде қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық білім дамыды. Қазақ даласының тарихы мен этнографиясының алғашқы зерттеушілері әскери және әр түрлі ресми дәрежедегі азаматтық шенеуніктер болды. Солардың алғашқыларының қатарында әскери инженер И.Г. Андреевтің [Андреев, 1998], сондай-ақ XIX ғасырда жарияланған әскери қайраткер Г.С. Броневскийдің [Броневский, 1830], белгілі саяхатшы П.П. Семеновтың [Семенов, 1889], И. Коншиннің [Коншин, 1903], В.В. Кирьяковтың [Кирьяков, 1902], Сібір қазақтарын басқару жөніндегі Сперанский реформаларын қарастырған Сібір тарихының білгірі Н.М. Ядринцевтің [Ядринцев, 1876: Ядринцев, 1892], жиырма бес жасында алғаш болып Қашқарияға қауіпті саяхат жасап, әлемге жұмбақ Қашқарияны зерттегені үшін 1857 жылы Орыс географиялық қоғамына мүше болған Ш. Уәлихановтың [Уәлиханов, 2010], Ертіс өзені жағалауларына салынған [Омбы, Ескі Семей, Өскемен, т.б.] алғашқы әскери бекіністер туралы жазылған Ө. Бөкейханның [Бөкейхан, 2017], т.б. еңбектерінің орны ерекше. XIX ғасырдың 1-жартысында жарық көрген И. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей» [Левшин, 2021] еңбегі сол заманның ғылыми танымының ірі жетістігі болды.

Тақырыпты талдауда, алдымен, оның контексіне сәйкес келетін зерттеу барысын, яғни ғылыми танымға жетудің жолы – методологияны анықтап алу маңызды. Тақырыптың жалпы методологиялық негізін тарихи ұстаным, дүниетанымдық құндылықтар құрайды. Бүгінгі заманғы ғылыми-теориялық таным жүйесі арқылы мәселенің мәнін ұғыну мақсатында жүргізіліп отырған бұл зерттеуге салыстырмалы және нарративтік әдістер қолданылды. Зерттеу барысында XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырда Қазақ даласында орын алған оқиғаларды логикалық жүйелілікке келтіру мақсатында фактілерді бірізділікке түсіру қажеттілігі, яғни оларды практикалық қолданылуы қиын деп ығыстырып тастауға болмайтындығы анықталды.

Талқылау. Сібірдің әкімшілік бөлінісі әркез сол өңірдің географиялық шекарасымен үйлеспей келгені әрі оның өз кезегінде зерттеудің аумақтық шегін анықтауда бірқатар күрделілік тудырып келгені белгілі. Сондықтан нақтылық үшін зерттеу барысында XVIII – XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан әкімшілік шекара негізге алынды. Жалпы XIX ғасырдың 20-50-жылдарындағы Батыс Сібір аймағы Қазақстан тарихнамасында аз зерттелген тақырыптардың бірі. Ал бұл кезең қазақ халқының келешек тағдырын шешкен маңызды оқиғаларға толы болды. 1820-жылдары патша билігі Қазақ елінде бекіді, Орта жүзде хан өкіметі 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» негізінде жойылды. 1830-жылдары Қазақ мемлекеті тәуелсіздігін сақтап қалудан соңғы үмітін үзіп, Ресей протекторатын қабылдады.

Ресей Қазақ даласының өткен тарихымен танысуды XVIII ғасырда бастады әрі ол империяның отарлық мүддесі тұрғысынан жүргізілді. Отарланған елді басқару үшін оны нақты танып, білу қажет еді, міне, сол мақсатта қазақ халқы туралы бүгінгі күні құндылыққа айналған фактілік мәліметтердің мол қоры жинақталды. Және жинақталған материалдардың басым бөлігінде қазақ халқы патшалық отарлық саясаттың объектісі түрінде қарастырылды. Яғни XIX ғ. – XX ғасырдың басында шыққан еңбектерде Қазақ даласының қалай отарға айналғаны мәселесі зерттелмеді. Олардың көпшілігінде патшалық Ресей Шығысқа өркениет әкелуші ролінде ғана сипатталды. Бүгінгі күні де Ресей тарихшылары қатарында Қазақ даласында Ресей ағартушылық миссия атқарды дегенге саятын

ғалымдар қатары бар. Ресей зерттеушісі Д.В. Васильев «1865-1891 жылдары Ресей империясы өзінің оңтүстік-шығыс иеліктерін басқаруда гумандық, ағартушылық, өзіне жауапкершілік жүктеген ұстанымда болды» деп жазды [Васильев, 2018: 15]. Айта кетсек, бұл автор XVIII ғ. – XIX ғ. бірінші жартысында Қазақ даласында Ресей империясы жүргізген әкімшілік қайта құру жұмыстарын архив материалдары негізінде тиянақты талдауымен ерекшеленеді [Васильев, 2020].

Жалпы, біз қарастырып отырған мәселені жан-жақты қарастырған ресейлік ғалымдардың бірегейі – омбылық тарихшы А.В. Ремнев [Ремнев, 1995; Ремнев, 2015; Ремнев, 2017: 171-213]. Профессор А.В. Ремневтің «Самодержавие и Сибирь. Административная политика в первой половине XIX в.» еңбегінде патшалық Ресейдің әкімшілік саясаты – Сібірді басқарудың айрықша өңірлік жүйесі ретінде талданған. Онда Сібірді басқару жүйесінде XIX ғасырдың соңына дейін әскери-әкімшілік және фискалдық мақсат басым болғаны айтылған. Профессор А.В. Ремнев Ресейдің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Сібірдегі әкімшілік-территориялық саясатын М.М. Сперанскийдің [1819-1822] реформаларынан басталатын екі кезеңге бөледі және ол мәселе аталмыш монографияның екінші және үшінші тарауларында арнайы қарастырылған. М.М. Сперанскийдің 1822 жылғы реформасы Сібірдің әкімшілік-территориялық, заңдық мәселелерін шешкен маңызды реформа болды дей отырып, бұл автор 1819 жылы М.М. Сперанскийдің Сібірде жүргізілген ревизиясына, сондай-ақ 1-ші Сібір комитетінің құрылуына, оның қызметіне жан-жақты тоқталады. Зерттеуші А.В. Ремневтің көрсетуінше, Сібірдің әкімшілік-территориялық үлгісі Ресейдің еуропалық бөлігімен салыстырғанда әлдеқайда ыңғайлы болған. Онда кәдімгі әкімшілік триадамен (губерния – уезд – болыстық) қатар, генерал-губернаторлық, облыстар болған, әрі бұл әр түрлі деңгейдегі басқаруда мемлекеттік мекемелердің ықшамдалуына әкелген. Яғни «Сібірдің әкімшілік-территориялық құрылымы бірқатар сипатымен ерекшеленген: 1) Ресейдің еуропалық бөлігіне қарағанда әкімшілік бірліктер – губерниялар, округтер, болыстықтардың территориялары ауқымды болды; 2) Сібірде халық санының аздығы мен сирек қоныстануына байланысты қалыптасқан әкімшілік бөлініс халыққа жергілікті өкімет мекемелерімен тиімді қатынас орнатуға септігін тигізді; 3) әкімшілік шекара экономикалық аудандарды қалыптастырды..; 7) губерниялық ведомствалық мекемелер және губернатормен салыстырғанда, генерал-губернатордың рөлі жоғары болды; 8) басқаруда милитаристік мүдде басым тұрды әрі әкімшілік-территориялық құрылым әскери-саяси міндеттерді шешуге, яғни қарулы күштерді қамтамасыз ету, мемлекеттік шекараны қорғау, империялық экспансия жоспарын жүзеге асыру, т.б. қызмет етті [Ремнев, 1995: 5].

Мақаламыздың зерттеу нысанын Қазақстан тарихшыларына қарағанда Ресей ғалымдарының толыққанды зерттегендері байқалады. Соңғы 30 жылда шыққан еңбектердің ішінен төменде аталған бірқатар ғылыми зерттеулер, кандидаттық және докторлық диссертациялар соған дәлел, әрине, ондай жағдайдың қалыптасуына объективті және субъективті себептер болғаны түсінікті [Быков, 2006; Дамешек, 2007; Гимельштейн, Дамешек, Сенина, 2007; Храмов, 2012], т.б.

Қазақстандық тарихнамада XIX ғасырдың 20-40-шы жылдарын зерттеуді алғаш қолға алып, оны объективті ғылыми шындық тұрғысынан қараған профессор Е. Бекмаханов болды. Профессор «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-шы жылдарында» еңбегінде 1822 жылғы М.М. Сперанскийдің «Сібір қазақтары туралы жарғысының» басты міндеттерін көрсете отырып, XIX ғасырдың басында ғана Ресейге іс жүзінде бағына бастаған Қазақ даласындағы империяның мақсаты «Қазақстандағы тәуелсіздіктің соңғы қалдықтарын жойып, Қазақ даласын империя құрамына жымын білдірмей қосып алу еді» деп тұжырымдайды. Профессор Бекмаханов Ресей империясы Қазақ елін саяси тәуелсіздігінен айыруды, негізінен, үш бағытта жүргізді дей отырып, оны жүзеге асыру үшін бірқатар шаралардың, мысалы, «1) гарнизондар қаптап, тізілте салынып, бекіністер жедел түрде көбейтілді. Әрі сол бекіністерге жапсарлата казактардың тұрақты мекендері тұрғызылып, әскери тұрғыдан бекінді; 2) алдымен, округтер мен округтік приказдар құрылып, әкімшілік басқару реформалары жүзеге асырылды, соның нәтижесінде казактардың саяси құқығы шектелді; 3) казактардың жерін жаппай басып алып, салық салу және әр түрлі монополиялық (балық аулауға, ағаш кесуге, т.б. тиым салу) үстемдік секілді экономикалық жағынан бекіді. Осындай шаралардың жиынтығы патша үкіметінің Қазақ даласын отарлау саясатының мазмұнын анық көрсетті...», т.б. жасалғанын атап өтеді [Бекмаханов, 1994: 122-125].

Қорыта айтқанда, Қазақстан тарихнамасының көрнекті өкілі профессор Ж. Қасымбаевтың жазғанындай, «патша өкіметі өзінің әкімшілік-саяси реформалары арқылы Қазақ даласында дәстүрлі басқару жүйесін жойып, переселендердің ағынына жол ашты. Халықтың басым бөлігіне бақылаусыз билік орнатып, барлық салада отарлық саясатын кеңінен жүргізе бастады» [Қасымбаев, 2006: 18].

Жалпы, профессор Ж. Қасымбаевтың «Қазақстанның Ресейге қосылуының методологиялық, тарихнамалық және деректанулық мәселелері» атты еңбегі Қазақ даласының Ресей империясына қосылу процесін талдаудағы маңызды еңбек болып табылады.

Нәтижелер. XIX ғасырдағы орыс деректері бойынша «Сібір – Азиялық Ресейдің ауқымды бөлігі. Оны Еуропалық Ресейден биік Орал таулары бөліп жатыр және ол Солтүстік мұзды мұхиттан Каспий теңізіне қарайғы бағытта орналасқан. Батыстан шығысқа, Орал тауларынан Тынық мұхитқа дейінгі қашықтығы – 8 652 верста, солтүстіктен оңтүстікке, Тынық мұхиттан Қытай шекараларына дейінгісі – 4 383 верста. Сібір аумағы өте зор, ол 13939107,9 квадрат верстаны құрайды. Жоғары, солтүстік аумағы ‘тундрадан’, ортаңғы бөлігі ‘тайгадан’, ал төменгі жағы, оңтүстігі, негізінен, Даладан тұрады. Сібір аумағын әр бағыттағы суы мол көптеген өзендер кесіп өтеді; ең ірілері: Ертіс, Обь, Енисей, Лена және Амур. Ертістің жоғары ағысынан Солтүстік мұзды мұхитқа, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарайғы бағытта алтын, күміс, т.б. металға бай Алтай, Байкал, Яблоновий тау жоталары орналасты...» [Кирияков, 1902: 8].

1822 жылы граф М.М. Сперанскийдің (оның жетекшілігімен Ресей империясы Толық заңдар жинағының 45 томы, Заңдар жинағының 15 томы құрастырылған) реформасы аясында Сібірде *Шығыс* (орталығы Иркутск қаласы) және *Батыс* (орталығы Тобыл) деп аталған екі негізгі басқарма құрылды [ПСЗ РИ. Т. XXXVIII. Собрание 1. №29126]. Батыс Сібірге Тобыл, Томск губерниялары және 1822 жылы жаңадан құрылған Омбы облысы жатқызылды. 1838 жылдан Омбы қаласы Батыс Сібірдің ресми орталығына айналды. 1868 жылы *Ақмола* облысы құрылып, оған Омбы округі қарады. 1882 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, Томск және Тобыл губерниялары Еуропалық Ресей губернияларымен бірдей деңгейге ауыстырылды [Чернышев, 2003: 5].

XVIII ғасырда Сібірді отарлаудың өте маңызды факторы – тау-кен ісі пайда болды. Ресей империясының халықаралық және ішкі жағдайының өзгеруі, сонымен қатар қаржы, әскери қажеттілік патша үкіметін Сібірдің жер асты байлығына назар аудартты. XVIII ғасырда Орал сыртынан үш тау-өнеркәсіп ауданы: Екатеринбург, Воскресенск-Колывань зауыттары бар Алтай және Нерчинск аудандары пайда болды. Бұл аудандарды берік ұстау үшін әскери шептер құрыла бастады. Ертістің жоғары бойындағы I Петр тұсында салынған бекіністер (*Омбы, Семей, Өскемен*) империяның Алтай аймағын Қазақ даласы жағынан қорғап тұрды, бұл жақтан XVIII ғасырдың ортасына дейін (манчжурлар талқандап жеңгенге дейін) қазақтарға қауіп төндіріп келген жоңғарлардың шабуыл жасау қаупі зор болды. Ресей империясы үшін Сібірді ауыл шаруашылығы жағынан меңгеру өте баяу жүрді. 1799 жылы ғана Байкал сыртын егінші халықпен қоныстандыру мәселесі қойылды, бірақ іс жүзінде бұл шаралар маңызды болмады, тау-зауыт өнеркәсібінен басқа өнеркәсіп мүлде нашар күйде қалды. Сауда көбіне транзитті күйде болды әрі сауда айырбасы Цин империясына қарай бағытталды. XVIII ғасырдағы аң терісі саудасы XVII ғасырдағы Ресей экономикасындағы маңызынан айырылып, үкіметтің ясақтық саясаты да өзгерді. 1767 жылы айрықша ясак комиссиясы құрылып, заттай төлем орнына ақшалай төлеуге мүмкіндік берілді.

XVIII ғасырда Батыс Сібір қазақтары көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Орта Азиямен айырбас сауда жүргізілді. Негізінен, XVIII – XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін қазақ қоғамында әлі де болса дәстүрлі басқару жүйесі, яғни жоғарыда хан, ал жергілікті жерлерде сұлтан мен билер институттарынан тұрған бұрынғы жүйе сақталды. Патша үкіметі бұл алғашқы кезеңде халық арасында әлі де беделі бар хандық билікті жоюға бармады [Қойгелдиев, 2004: 7].

XVIII ғасырдың 20-жылдары Қазақ даласына сол заманның аймақтағы күші мығым мемлекеті – Жоңғар хандығы зор қауіп төндірді. 1723 жылы жоңғарлар қазақтарды үлкен жеңіліске ұшыратты, Ұлы жүз жоңғарлардың қол астында қалып, Орта жүз Бұхара жағына, Кіші жүз Хиуа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы Тәуке хан тұсындағы Үш жүз одағы дағдарысқа ұшырады. Батыс Сібір тарихының көрнекті білгірі Ө. Бөкейхан «Орта жүздің тәуелсіздігін сақтап қалған аз ғана бөлігі солтүстік-батысқа, орыстардың Сібір шекара аумағы мен башқорттарға қарай ығысты... Бұл кезеңде Жоңғар хандығы өз дамуының ең шарықтау шегіне жетті. Оның аумағы Алтайдан қазіргі Семей, Ақмола, Торғай облыстары оңтүстік далалық бөліктері арқылы Арал теңізіне және оңтүстікте Тянь-Шан тау бөктеріне дейін созылды. 1739 жылы жоңғарлар қазақтарды Орал (Жайық) өзеніне дейін шегіндірді, сол уақытта орысқа бағынышты көп башқорт мерт болды, бірақ өзінен мықты жауын мойындаған орыстар жоңғарларға қарсы тұра алмады. Ал өздерін аса қуаттымыз деп есептеген жоңғар қонтайшылары күшейіп келе жатқан көршілері – Қытай және Ресеймен жақсы қарым-қатынас орнатуды ойламады» [Бокейхан, 2017: 33-34] деп жазды.

Қазақ тарихындағы екінші үлкен маңызды кезеңде (1756-1758) жоңғарлар манчжурлардан жеңіліс тапты. Осы кезден Орта және Кіші жүз екі үлкен мемлекет – Цин империясы мен Ресейдің арасында қиын жағдайда қалды. Оқиғалардың барысы оларды сол мемлекеттердің бірімен санасуға мәжбүр етті. Орта жүз Цин империясына вассал болды және бұл жағдай XVIII ғасырдың аяғына дейін созылды. XIX ғасырдың 20-жылдары патша үкіметі Қазақ даласына шексіз билігін орнату үшін хандық билікті жойып, өлкеде отарлау жүйесін ашық жүргізе бастады.

XVIII ғасырда қазақтың тағдыры талқыға түсіп, күреске толы қилы заманды бастан кешіп, елдік пен ерліктің, бірліктің үлгісін көрсетіп, тәуелсіздігін сақтап қалды. Айта кетсек, XVIII ғасырдың 30-жылдары Қазақстанның Ресейге тәуелді болуының бастауы болғанымен, Қазақстанның Ресей отарына айналуы XIX ғасырдың соңында ғана толық жүзеге асты. XIX ғасырдың басында Қазақстан Ресейге тек сөз жүзінде бағынды және оның бір бөлігі Қытай мен Қоқанның ықпалында қалды. Ресей Хиуа – Бұхара – Қоқан – Иран – Ауғанстан – Үндістан бағытында ағылшындармен бақталас болды әрі Қазақстан бұл кезеңде оған жақын маңдағы тылға, яғни шабуылға әзірлік аймағына айналды. Ресей, Орта Азия, Қытай сауда жолдары аралығында орналасқандықтан Қазақстанның стратегиялық маңызы орасан зор болды. Патша өкіметінің Қазақстандағы саясатының жандануы 1822 жылғы М.М. Сперанскийдің «Сібір қазақтары туралы жарғысынан», яғни Ресей әкімшілік жүйесінің алдымен Орта, одан соң Кіші жүзге енгізілуінен басталды. Патша билігі, алдымен, қазақтарды саяси билігінен айыруға күш салды. Бекіністер салуды жеделдетті және округтер мен округтік приказдар құру арқылы әкімшілік басқару реформаларын енгізді. Соңында қазақтардың жерін жаппай тартып алу, түрлі алым-салық салу арқылы өзінің экономикалық жағын нығайтты. «Сібір қазақтары туралы жарғыдан» байқалғандай, Сібір шептері күзет мағынасында қазақ жеріне ішкерілей еніп, соңында тұрақты мемлекеттік шекара белгілеп, нақты орын тебуі тиіс болған. Сол мақсатта Орта жүз жерінде сыртқы округтер ұйымдастырылып, оларды басқаруға «округтік приказдар» қойылды. Приказдарды аға сұлтандар басқарып, оларға заседатель ретінде екі «құрметті қазақ» және екі орыс тағайындалды. Аға сұлтан және заседательдер екі жылға сайланып, аға сұлтанға майор атағы беріліп, үш жыл қызметінен кейін орыс дворяны дипломына ие болды. Болыстық билеуші қызметін старшындар атқарды әрі олар да патша өкіметіне шын берілген сұлтандар мен билерден сайланды. Болыстықты басқарған сұлтандар мен билер 12-сыныпты шенеуніктерге теңестірілді [Бекмаханов, 1994: 122-126].

XVIII ғасырдың басында Ресей үшін Тара қаласынан [қазіргі Омбы облысына қарасты Ертістің сол жағалауында орналасқан] Ертіс өзенінің жоғары ағысына дейінгі аумақта шеп бекіністер салу басты мақсат болды. Қазақ халқы жоңғарлармен аяусыз соғысып жатқан кезде Ресей Дала шекараларында әскери-тірек пункттерін салуға дайындығын бастап кетті. Бұл жаңа алып империя – Ресейдің пайда болуымен әрі оның негізін қалаған І Петрдің есімімен тығыз байланысты болды. Орал магнит аномалиясы – Магнитка немесе Сібірде алтын кен орындарының табылуы, «алтын аралас топырағы мол» Яркеть (Еркеті, қазіргі Жаркент) қаласын [Қасымбаев, 2010: 150] өзіне қарату ойын жүзеге асырмақ болған Ресей өзінің басты мүддесі – жаңа жерлерді игере отырып, Азияда шығыс шекаралық межелерін нығайтуды мақсат етті. «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» атты очеркінде Алаш қайраткері Ә. Бөкейхан: «Ертіс бойында бірқатар бекіністер [которыми предполагалось связать золотыя розсыпи Яркенда съ Сибирью] салуды бастауға Бухгольц экспедициясы жіберіліп, Жәміш (Ямышево) кентіне (где сосредоточивалась главная меновая торговля русскихъ, джунгаровъ, бухарцевъ и ташкентцевъ) таяу маңда бекініс қаланды, дегенмен, жоңғарлар бұл жерде орын тебуге орыстарға мүмкіндік бермеді... тек арада бес жыл өткенде ғана жоңғарлардың келісімімен Ертіс бойында бірнеше (Омбы, Ескі Семей, Өскемен) бекініс бой көтерді» [Бокейхан, 2017: 33], – деп жазды.

І Петр тұсында Ресейдің әскери-барлау жасақтары Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарына ене бастады. Кең-байтақ өлкені отарлау, оның мол байлығын игеру, керуен саудаларын құрып, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жалпы жаңа жер қамтып қалу Ресейді әскери-инженерлік тірек пункттерін салуға итермеледі. Ертіс алабын игеруде Ресейдің алғашқы Сібір губернаторы князь М.П. Гагарин ерекше рөл атқарды. Ол Тобылдан Жаркентке дейінгі жол бойына «бекіністер» салу, олардың алғашқысын Ертіс бойына, яғни Жәміш (Ямышево) көлі маңына, одан әрі «іс барысында қажет жерлердің барлығына» қамалдар тұрғызу керек дей отырып, патшаға Қазақ даласы шекаралары бойына біртұтас бекініс желісін құру жоспарын ұсынды. І Петр патша И.Д. Бухгольцке Сібір губернаторы «князь Гагариннен 1500 адам әскер алып, Жәміш көлі бойына қала салып, бекініс пен қала маңына аталған әскерилерді орналастырып, жергілікті тұрғындардың алтын кенін қай жерден алып жүргенін анықтауды әрі оған минералдың жайын жақсы білетін шведтерді пайдалануды»

[Жанайдаров, 2006: 171-173] тапсырды. Бұл патша жарлығы іс жүзінде Ертіс, Алтай, Есіл бойы бекініс желілерінің құрылуына негіз болды. Подполковник И.Д. Бухгольц отряды 1715 жылдың басында 2797 драгун, солдат, офицер, т.б. жорыққа аттанып, Ертістің жоғары ағысындағы Жәміш тұзды көліне дейін ғана жеткен. Онда жоңғарлардың қысымына төтеп бере алмай кейін ығысып, 1716 жылы Ертістің орта ағысында, Ом өзені сағасында бекініс тұрғызып, ол бекіністің кейін Батыс Сібірдің оңтүстігі мен Қазақстанда Ресейдің позициясын нығайтудағы маңызы зор болды [Никитин, 2012: 222]. Яғни Жәміш бекінісін тастап шыққан И.Д. Бухгольц Ом өзенінің Ертіске құяр сағасында 1716 жылы 20 мамырда *Омбы бекінісінің* негізін қалады.

Ал Жәміш көлі Орта жүз қазақтары көші-қонының кіндігінде орналасты әрі бұл кезеңде аталмыш аумақ жоңғарлардың бақылауында еді. 1716 жылдың ақпан айында бекініске Цэвэн Рабдан қонтойшының бұйрығымен оның немере ағасы Цэрей Дондуг басқарған он мың адам шабуыл жасап, бекіністі қоршауға алды, дегенмен, бекініс гарнизоны Цэвэн Рабдан қонтойшының әскеріне тойтарыс берді. Бірақ жоңғарлар қажетті азық-түлік, ақша, құрал-сайман тиеліп, Тобылдан шыққан керуенді, сондай-ақ 450-ден астам адамды қолға түсірді. Олардың арасында кейін Жоңғария картасын жасаған швед сержанты Иоган Густав Ренат та болды. Әскерінің көбінен айырылып, 700-дей ғана адамы қалған подполковник И.Д. Бухгольц бекіністі өздері қиратып, тірі қалғандары көктемде оны тастап кетті. Князь Гагариннің тапсырмасымен 1716 жылдың соңында бекініс қалпына келтіріліп, подполковник П. Ступиннің әскерімен күшейтіліп, соңында Ертіс бойымен әрі қарай жылжуға арналған маңызды тірекке айналды [ҚР ОМА. 630-к., 1-т., 1-іс]. Кейін Батыс Сібір генерал-губернаторы князь П.Д. Горчаковтің ұсынысымен бекініс жойылып, орнына Ямышево казак станицасы пайда болды.

1717 жылы Ямышево және Омбы бекіністері аралығында Железинск бекінісі салынды. Әрі қарай жылжыған орыстар 1718 жылы Ертістің жоғары ағысында Семей бекінісінің негізін қалады [ҚР ОМА. 556-к., 1-т., 1-іс, 1-п.]. П.П. Семеновтың редакциялығымен шыққан «Ресей» еңбегінде көрсетілгеніндей, «Ертісті иеленгісі келген орыстарға ыңғайлы сәт туды: жоңғарлар орыстарға Жәміш көлі жанынан қорған және Семей бекінісін салуға рұқсат берді» [Асфендияров, 1998: 18]. Қосымша айта кетсек, 1713 жылы Обь өзенінің жоғары ағысында Ресей өз позициясын нығайту мақсатында Чауск острогін салып [Никитин, 2012: 222], ол 1779 жылы Колывань облысына, 1783 жылы Колывань губерниясына айналды. Құрамына Колывань, Семей, Бия, Кузнецк, Абакан уездері енген еді. 1783 жылы 16 мамырдағы бұйрықпен Колывань наместнигі құрылып, оған округтегі Колывань-Воскресенск зауыттары түгел қараған. 1796 жылы жойылып, аумағы Тобыл мен Иркутск губернияларына енген. Бұл мәселеде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің «Колывань жергілікті басқармасы» (1784-1794) атты 482-қорында 13 іс сақталған [ҚР ОМА. 482-к., 1-т., 1-кітап].

І Петрдің тікелей нұсқауымен Қазақ даласына И.М. Лихарев бастаған тағы бір әскери жасақ жіберіліп, оған Жәміш көлін жан-жақты зерттеу, «алтын құм» туралы іздеу жұмыстарын жалғастыру, И.Д. Бухгольц экспедициясының сәтсіздігін анықтау тапсырылды. И.М. Лихарев экспедициясының нәтижесінде 1720 жылы Үлбі өзенінің Ертіске құяр сағасында *Өскемен бекінісі* пайда болды. XVIII ғасырдың 20-жылдарына қарай Ертістің оң жағалауы, яғни Ом өзені сағасынан Үлбі өзені сағасына дейінгі аралық Ресейге қарады.

1720 жылы Кереку (Коряков), Қараөзен (Чернорецк), Қаражар (Черноярск), Түйелі (Вербюлюжск), Сегізсары (Осморыжск), Оба (Убинск), Жетіжар (Семиарск) тұтас бекіністер қатары салынып, әскери саяси үш – Сібір, Ертіс және Колывань аумақтары пайда болды. Олар Обь – Ертіс өзендері аралығында, Құлынды даласында Ресейдің нығайында маңызды рөл атқарды. Ал 1752 жылы әскери қайраткер Киндерман негізін қалаған *Петропавл* бекінісі Сібір жері арқылы Ертіс желісімен түйісті. Ресей үшін стратегиялық маңызы зор болған бұл бекіністер қазақтардың шабуылдарын, олар тоқтатып тастап отырған сауда жолдарын қорғауға біршама мүмкіндік берді, дегенмен, жаңа орыс шептерін ұстап тұруға бұл жеткіліксіз еді. Сондықтан Ресей үшін жаңа қорғаныс желісін салу қажеттілігі туындап, нәтижесінде ондай желі Есіл мен Тобыл бойында, Бараба даласында, Жоғары Обь және Алтайда пайда болды. Солардың бірі – Есіл желісі. Ол Ертістегі Чернолуцкий бекінісінен Ертістің солтүстік-шығыс бойы Пустынный бекінісіне дейін созылып, сол жерден солтүстік-батысқа Зудиловоға қарай бұрылып, одан әрі оңтүстік-батысқа Есілге, ол жерден солтүстік-батысқа қарай Усть-Ламенге, одан оңтүстік-батыс пен оңтүстікке қарай бағытталды. Бірақ бұл Есіл желісі кейін оңтүстікке бағытталған қорғаныс шептерінің пайда болуымен өзінің әскери маңызын жоғалтты.

Омбы бекінісінен оңтүстік-шығысқа қарай келешек Павлодар, Семей, Өскемен қалаларын тірек қылған Ертіс қорғаныс желісі пайда болды. Соңғысынан желі солтүстік-шығысқа – Кузнецкіге, ал 1764 жылы Алтай жоталарына жетіп, Колывань-Кузнецк атауын алды [ҚР ОМА. 482-к., 1-т., 10^а-іс]. 1781-1792 жылдары Ертіс желісі оңтүстік-шығысқа қарай жалғасып, нәтижесінде Бұқтырма желісі пайда болған. Омбыдан батысқа қарай 1752 жылы Есіл даласы арқылы Пресногорьковская (бұл аймақта тұзды көлдердің мол болуына байланысты Горькой деп те аталған) желісі орналасып, сондағы бекіністердің бірі кейін Петропавл қаласына айналды. Тобылдан бұл желі кейін Орынбор желісімен байланысты [Никитин, 2012: 223]. Сөйтіп, Жайық сағасынан бастап Өскеменге дейін ұзындығы 3,5 мыңға созылған бекіністер желісі қалыптасты. Ол бекіністерде, негізінен, әскери казактар тұрды.

XIX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ халқы үшін айрықша кезең болды. Бұл кезең Қазақстан тарихындағы аз зерттелген маңызды кезеңдердің бірі. Осы кезеңде қазақ халқының алдағы тағдырын айқындаған оқиғалар қатары орын алды, 1820 жылдары патша билігі күшейіп, хан билігі Орта жүзде «Сібір қазақтары туралы жарғының» (1822) енгізілуімен күшін жойды. Хандық биліктің жойылып, аға сұлтандар мен сұлтандар институтының орнығуымен, XIX ғасырдың 60-жылдары хан-сұлтандардың әскери жасауылдары қызметтерін атқарып келген төленгіттер де ерекше әлеуметтік топ ретінде жойылды.

1822 жылы қабылданған «Сібір қазақтары туралы жарғының» негізінде 1822 жылы 26 қаңтарда *Омбы облысы* құрылды. Омбы облысы ішкі және сыртқы округтерге бөлінді. Әкімшілік жағынан Орта жүз аумағы округтерге, болыстықтарға, ол әрі қарай ауылдарға бөлінді. Болыс басында сұлтан тұрды. 22 шілдеде «Сібір қазақтары туралы жарғы» бойынша сыртқы округтер де құрылды. 1824-1834 жылдар аралығында 7 сыртқы округ пайда болды. Орта жүздегі бұл жеті сыртқы округті аға сұлтандар басқарды әрі ол мұрагерлік сипатта болды және болыстықтар басқару да мұраға қалдырылды. Округ құрамына 15-тен 20-ға дейін болыс кірді [ПСЗ РИ. Т. XXXVIII. Собрание 1. №29127]. Әрбір округтің қатаң межелеген аумағы болды. Бір округтің тұрғындары басқа округтің жеріне жергілікті бастықтың арнайы рұқсатынсыз өте алмады. Өз бетімен өткендер қатаң жазаланды. Болыстарды болыстық старшындар, ауылдарды старшындар – билер басқарды. Бұл жағдай 1867-1868 жылғы реформаларға дейін сақталды. «Жарғы» қабылданғаннан кейін қазақтарға өте көп алым-салық төлеуге тура келді. Мысалы, жүз бастан бір бас – *ясақ*; жылына бір рет барлық малшыдан көктем айларында алынған *зекет*, сондай-ақ егіншілікпен айналысқан қазақтарға салынған «*ушур*», яғни өнімнің оннан бір бөлігі, т.б.

Омбы облысы құрамына Омбы, Петропавл, Семей, Өскемен *ішкі* округтері, кейін *сыртқы* округтерге [Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Үшбұлақ және Аманқарағай] бөлінген Орта жүз қазақтарының көші-қон аумағы енді. 1822-1838 жылдары *Омбы облыстық басқармасы* жұмыс істеп, ол Батыс Сібір Бас басқармасына қарады. Генерал-губернатор басқарған оның ставкасы Тобыл қаласында орналасты. Сонымен бұл басқарманың қызметі тұсында Орта жүзде хандық билік жойылып, 1838 жылы *Сібір қазақтары шекара басқармасы* құрылды.

1824 жылы сәуір айында құрылған *Қарқаралы* [ҚР ОМА. 338-к., 1-т., 366-іс, 18-36-п.] сыртқы округі Аягөз округінен солтүстік-батысқа қарай, Жәміш (Ямышево) бекінісіне қарама-қарсы орналасты. 1824 жылы құрылған *Көкшетау* сыртқы округі Петропавл бекінісіне қарсы, Чаглынка өзені бойында орын тепті [ҚР ОМА. 338-к., 1-т., 366-іс, 12-12-кері п.]. 1831 жылы 17 маусымда *Аягөз* сыртқы округтік приказы ашылып, ол Семей бекінісіне қарсы, Аягөз өзені бойында болды. 1832 жылы мамыр айында құрылған *Ақмола* сыртқы округі Омбы бекінісіне қарсы, Есіл мен Нұра өзендерінің жоғары бөлігі аралығында орналасты [ҚР ОМА. 338-к., 1-т., 553-іс, 1-6-п.]. Баянауыл сыртқы округі 1833 жылы құрылды. Ол Жәміш (Ямышево) бекінісіне қарама-қарсы орналасты. *Үшбұлақ* сыртқы округі 1833 жылы құрылып, Омбы бекінісінен оңтүстік-батысқа қарай орналасты. *Аманқарағай* (кейін Құсмұрын боп өзгертілген) сыртқы округі [ҚР ОМА. 338-к., 1-т., 317-іс, 79-80 кері п.] 1834 жылы құрылып, ол Омбы облысының батыс жағында, Пресногорьковский бекінісіне қарсы, Аманқарағай шатқалын алып жатты. Архив құжаттары бойынша, Аманқарағай округі Омбы облысының батыс аумағында, Пресногорьковский бекінісінен 250 верста қашықтықта Төмен Арғын, Уақ, Қыпшақ, Қанжығалы, Керей және Қызған болыстары шоғырында, яғни Орынбор қазақтарымен шекаралас жерде орналасты [ҚР ОМА. 338-к., 1-т., 365-іс, 164-кері п.]. 1844 жылы Көкпекті сыртқы округі ашылып, оның Приказы далалық аймақтағы сот және полиция міндетін атқарды. Яғни 1844 жылы 6 сәуірде Көкпекті қазақтары 12 болыстыққа бөлініп, жеке округ аталып, оған Аягөз округінің төрт болыстығы енді.

Округтердің құрамына кірген ауылдар мен болыстардың саны төменде П. Кеппен берген мәліметтен жақсы көрінеді:

Кесте 1. Округтер құрамына енген ауылдар мен болыстар [Table 1. The number of villages and settlements included in the districts] [Бекмаханов, 1994: 131]

Округтер атауы	Ашылу уақыты	Саны			Адам саны		
		Болыстар	Ауылдар	Түтін	Еркектер	Әйелде р	Барлығы
Қарқаралы	1824.8/IV	17	419	22864	64043	82612	146655
Көкшетау	1824.29/IV	10	144	8778	26187	30731	56918
Аягөз	1831.17/VI	13	2964	15067	31099	32277	63376
Ақмола	1832.22/VI II	15	118	6655	28749	38332	67081
Баянауыл	1833.22/VI II	12	791	18132	28053	37404	65457
Үшбұлақ	1833.22/VI II	11	300	15019	22426	29915	52341
Аманқарағай	1834.30/VI II	33	188	11045	33971	39230	73201
		111	4924	97560	234528	290501	525029

Округтер маңы қазақтарына бұрынғы көші-қон жерлерімен еркін жүрулеріне тиым салынып, оларға тек өз округтері ішіндегі көші-қонға рұқсат етілді, ал бұл бұрыннан қалыптасқан жер қатынасын қиындатып жіберді, ру болып бірлесіп көшу тәртібі бұзылды. Сібір казак әскерінің Қазақ даласына ішкерілей енуімен Омбы облысының шекарасы кеңейе берді. Нәтижесінде Омбы облыстық басқармасы кең-байтақ Қазақ даласын басқара алмай, облыс халқының ішкі істерімен толыққанды айналыса алмады. Сондықтан, 1838 жылы Омбы облысы жойылып, сол жылы Орта жүз аумағын тікелей басқару мақсатында *Сібір қырғыздары шекара басқармасы* құрылып, оның басында шекара бастығы тұрды [ҚР ОМА. 374-қ., 1-т., 1-кітап]. Бұл басқарманың құрылуымен Омбы облыстық басқармасы жойылып, оның ішкі округтерінің мекендері Тобыл мен Томск губернияларына енгізілді. Омбы мен Петропавловск қалалары Тобыл губерниясына, ал Семей мен Өскемен Томск губерниясының Бийск уезіне қарады. Елді мекендер мен станицалар Қорған, Есіл және Бийск уездеріне таратылып жіберілді. Ал 1854 жылы Шекаралық басқарма да жойылып, оған қараған Орта жүз аумағында екі облыс – *Сібір қазақтары* және *Семей облыстары* пайда болды. *Сібір қазақтары облысының* құрамына Ақмола, Аманқарағай, Атбасар, Баянауыл, Қарқаралы, Көкшетау сыртқы округтері енді. 1860 жылғы «Сібір қазақтары облыстық басқармасы есебінің» мәліметтері бойынша 15 қазақ болысы, 609 ауыл болған. Ол төмендегідей сипатта өрбіді:

Кесте 2. Қазақ ауылдары [Table 2 – Kazakh villages] [ҚРОМА. 345-қ., 1-т., 737-іс, 166-п.]

Қазақ ауылдары	Ақмолада	Баянауылда	Қарқаралыда	Атбасарда	Көкшетауда	Сібір қазақтары облысында, барлығы
	181	109	98	35	186	609

XIX ғасырдың мәліметтері бойынша, *Сібір қазақтары облысы* солтүстіктен оңтүстікке қарай Сібір желісінен Шу өзеніне дейін созылып, Батыс Орынбор даласымен, шығысында Семей облысы қазақ көшпелілері жерімен астасып жатты. Жер аумағы – 75, 800 кв верста. Есіл өзені мен желі аралығындағы жазирадан өзге жер егіншілікке қолайсыз келген. Шығыстан Батысқа қарайғы Қалба таулары, оның ішінде Шыңғыстау жоталары кен байлығына мол болып, сондай-ақ ағысы тұрақты Есіл, Сарысу және Шу өзендері, су жиналған шұңқырлардан басқа жерлер тіпті көшпелі жұртқа да қолайсыз болған. Далада, әсіресе Ертістің сол қанатында ащы, тұзды көлдер орналасып, олар қазақ малы үшін құнарлы аймақ болып саналған. Кейбірінен жоғары сапалы тұз өндірілген. Сарысу өзені бойында өсімдік жеткілікті келген. Шу өзенінің сусыз сол жағы саз-топырақты құмды болып, оны

Мырзашөл деп атаған. Шу өзенінің қалың қамысында қазақтардың қыстаулары орналасқан. 1859 жылғы тұрғын саны – 281 905 адам, оның 254 584-і қазақ болды. 1860 жылы адам саны 1140-ға көбейіп, жалпы *Сібір қазақтары облысының* халқы 283 045 адам әрі оның 262 612-сі қазақ болған. 1860 жылы соңғы үш жылда жүргізілген санақ пен Ресей бодандығын қабылдағандар есебінен Баянауыл округінің халқы көбейген. Ескерер жайт, облыс халқын, негізінен, қазақтар құраған әрі олардың нақты есебін алу мүмкін емес болды. Себебі ясақ алу ру ақсақалдары мен үлкендердің айтуымен ғана жүргізілсе, ал жаңа туған немесе қайтыс болғандардың есебіне молдалар метрика жүргізбеген [ҚР ОМА. 345-к., 1-т., 737-іс, 177-179-п.]. 1868 жылдың 21 қазанындағы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтары далалық облыстарын басқарудың уақытша ережесінің жүзеге асырылуына орай Сібір қазақтары облысы 1868 жылы жойылды. 1882 жылы құрамына Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтарына қараған Ақмола, Семей және Жетісу облыстары енген Дала генерал-губернаторлығы құрылды [ҚР ОМА. 64-к., 1-т., 1-кітап]. Жетісу облысы 1868 жылы қайтадан Түркістан өлкесіне қараған.

Орта жүздің бірқатар билеушілері XVIII ғасырдың 30-40-жылдары Ресей протекторатын қабылдағанымен, жалпы Орта жүз қазақтарының Ресейге бодандығы түбегейлі болмады. Орта жүз қазақтары дәстүрлі түрде Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстанды, сондай-ақ бір бөлігі Оңтүстікті, яғни Сырдарияның орта ағысын мекендеді. 1830 жылғы «Граф Броневскийдің жазбаларында» көрсетілгендей, «Орта жүз қырғыз-қайсақтары 55⁰ және 44⁰ Солтүстік ендіктегі, 82⁰ және 102⁰ Шығыс бойлықтағы кеңістікте қоныстанған; ол шығысында Моңғолиямен, батысында Кіші орда қырғыз-қайсақтарымен, солтүгінде Сібір желісімен, оңтүстігінде Үлкен орда, Қоқан, Бұхариямен шектеседі... Орта Қырғыз ордасын найман, арғын, қыпшақ, уақ тайпалары мекендейді» [Броневский, 1830: 400].

Орта жүз қазақтарының көші-қоны, негізінен, батыстан шығысқа қарайғы тұтас аумақты, Ырғыз – Торғай – Тобыл су алабынан Батыс Алтайы мен Тарбағатайға дейінгі, ал оңтүстіктен солтүстікке қарай Сырдарияның орта ағысынан, Бетпақдала мен Балқаш көлінің солтүстік шегінен Батыс Сібір жазығының оңтүстік шетіне дейін созылып, Торғай үстірті, Қазақ шағын төбелері, Ертіс өзенінің орта ағысы алқабы, Есіл, Торғай, Тобылдың төменгі және орта ағысын түгел қамтып, Құлынды мен Есіл далаларына кетіп жатты. Орта жүз қазақтарының қыстаулары Қазақстанның оңтүстігіндегі шөл және шөлейт аймақтарда және орманды далада – өңірдің солтүстігінде меридианды көші-қон мен тау бөктері жазықтары, өзен алқаптары және көл маңайларында вертикальді көші-қон аумағы орналасты. Мамыражай жаз жайлауы меридианды көші-қон арқылы жылдың салыстырмалы, жауын-шашыны, суы мол далалық аймақтарында, вертикалды көші-қон таулы және биік таулы аудандарда, альпілік және субальпілік шалғындарда өтті. Орта жүз қазақтарының негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болды, сонымен қатар өзен алқаптары мен көл маңайларында егін және балық шаруашылықтары дамыды.

Ресей Императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің мүшесі Ә. Бөкейхан «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» атты очеркінде «Семей мен Ақмола облыстары қазақтарының негізін бірнеше түркі тайпасы – керей, найман, қыпшақ, алшын және арғын құрайды» дей отырып, олардың бұл өңірге қоныстану тарихынан хабардар етеді [Бокейхан, 2017: 29].

Орыс зерттеушісі Н.Г. Маллицкийдің «Қазақтар» еңбегінде «Орта жүздің негізгі тайпасы – керейлер басқа қазақ тайпаларынан шығысқа қарай, Моңғолия Алтайы мен Тарбағатайға дейінгі аралықта өмір сүрді. *Наймандар* керейлермен қатарлас, ал кейбір бөлігі олардан батысқа, оңтүстікке қарайғы аумақта, Батыс Алтайы мен Тарбағатай және Тянь-Шань жоталарынан Балқаш көліне дейінгі аумақта қоныстанды. Керейлер мен наймандармен аралас уақ, *қоңыраттардың* шағын бөлігі Қаратау мен Сырдария бойын мекендеді. Негізінен даланың солтүстік бөлігін алып жатқан ең саны көп *арғындар* Қазақ қатпарлы таулы аймағынан Ертіс, Тобыл мен Есілдің орта ағысына дейінгі аумақта, ал *қыпшақтар* Торғай, Тобыл және Үй жағын қоныстанды... Айта кетер жайт, керейлердің жекелеген топтары даланың солтүстігі арқылы алыс батысқа қарай орналасты. Ал қыпшақтар, керісінше, негізгі атақонысынан шығысқа қарай, яғни Ертісте өмір сүрді. Арғындар батысқа қарай, Торғай өзені алабын мекендеді... Орта жүз халқының саны – 2 миллионға жуық» [Маллицкий, 2011: 288-289] делінген.

Қорытынды. XVIII ғасырдың аяғында Орыс мемлекеті Сібірді өзіне енгізу арқылы өз аумағын кеңейтіп, XIX ғасырдың бірінші ширегінде сол жерлерде имперлік құрылу жұмыстарын бастап кетті. Орыс тарихшысы, публицист П.Н. Милуков бұған қатысты «Ресейдің отарлық күшеюінің соңғы

өнімі, яғни алғашқы колониясы – Сібір – Орыс мемлекеті мен империяның аралық өзіндік межесі болды» деп жазды. Жалпы XIX – XX ғасырдың басында Сібірдің географиялық кеңістігі туралы көзқарас тұрақты болмады, оның әкімшілік бөлінісі географиялық шекарасымен сәйкес келе бермеді. Бұл мәселеде, мысалы, орыс зерттеушісі, тарихшы Н.Н. Серебренников географиялық Сібірді әкімшілік Сібірден ажыратуды ұсынды. Ол Сібірге Қиыр Шығыспен қатар Ақмола мен Семей облыстарын да жатқызды. 1884 жылы этнограф А.Я. Максимов Сібірдің батыс шекарасы қайдан басталып, ал оның шығысы мен оңтүстігі қай жерде аяқталатынын тіпті Сыртқы істер министрлігінің арнаулы Азиялық департаменті де білмейді деп жазды. Жалпы XIX ғасырдың бірінші жартысы империя үшін өтпелі кезең болды әрі бұл процесс сол ғасырдың аяғына дейін созылды. XIX ғасырдың 1-жартысындағы патшалық биліктің Сібірдегі әкімшілік саясаты екі кезеңде, яғни, 1(1801-1822 ж. – Сібірді басқарудың айрықша өңірлік жүйесінің қалыптасуы; 2(1822-1851 ж. – М.М. Сперанскийдің әкімшілік реформаларының жүзеге асырылуы арқылы өтті [Ремнев, 1995: 5, 7, 15].

XIX ғасырдың басында Сібірді басқару «1822 жылғы Сібір мекемесі» арқылы реттелсе, ал ғасырдың ортасында патша үкіметінің мүддесі 1852 жылы 2-ші Сібір комитетін құруымен, яғни Сібірді мемлекеттік бағдарламамен кешенді игерумен ерекшеленді. Самодержавие Сібірдің оқшаулануынан секемденіп, оны империялық кеңістікке әкімшілік және шаруашылық жағынан интеграциялауға мәжбүр болды. Сібірдің Ресейге қосылуы оның территориясын қалыптастырып, империялық құрылыстың жүзеге асырылу процесіне жол ашып берді. Сібірдің оңтүстігі мен шығысында Ресейдің сыртқы шекарасы бекіп, халық саны өсіп, сауда-экономикалық байланыстары нығайды. Бұл процестермен қатар Сібірдің сауда-өнеркәсіптік, оның табиғи байлығын игеру жағынан дамуы Сібірге экономикалық тұрғыдан колония ретінде қарайтын көзқарасты қалыптастырды. Ресей империясы жүргізген әкімшілік-территориялық реформалардың мақсаты Қазақ даласы тұрғындарының өмірін бір өлшемге түсіру арқылы Қазақстан байлығын жедел игеру еді. XVIII ғ. соңы – XIX ғасырдың басында Ресейдің шекаралық өңірі деп есептелген Қазақ даласы XIX ғасырдың ортасында империяның ішкі бөлігіне айналып үлгерді. Бұл процесс Қазақ даласын басқарудың көптеген шараларын жүзеге асырып, заңдық актілерді қабылдауы арқылы жүргізілді. Қазақ даласында тұрақты бекуі үшін патша өкіметі хандықты жойып, орыс әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізді.

Дереккөз

КРОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Андреев, 1998 – *Андреев И.Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Часть 1. Описание Средней орды киргиз-кайсаков с принадлежащими и касающимися до сего народа дополнениями, прилежащих к Российской границе Сибирской линии по части Колыванской и Тобольской губерний к крепостям, собранное 1785 года капитаном Андреевым. Алматы: Ғылым, 1998. 255 с.

Асфендияров, 1998 – *Асфендияров С.Д.* Прошлое Казахстана в источниках и материалах / под ред. проф. Асфендиярова С.Д. 2-е изд. Сб. 2. Алматы: Қазақстан, 1998. 350 с.

Безвиконная, 2017 – *Безвиконная Е.* Геополитическое пространство Степного края: Омская область и проблема границы в государственном строительстве Российской империи [20-30-е гг. XIX в.] // Мусульмане в новой имперской истории: Сб. статей / отв. ред. и сост. В.О. Бобровников и др. М.: ООО «Садра», 2017. 424 с.

Бекмаханов, 1994 – *Бекмаханов Е.* Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994. 416 б.

Бокейхан, 2017 – *Бокейхан А.* Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2017. 616 б.

Броневский, 1830 – *Броневский Г.С.* Записки генерал-майора Броневского. О Киргиз-Кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. Санкт-Петербург, 1830. № 119. С. 400–419.

Быков, 2006 – *Быков А.Ю.* Российская правительственная политика в степных областях и трансформация традиционного казахского общества [1731–1917 гг.]. Автореф. дисс. ...д. ист. н. Санкт-Петербург 2006. 44 с.

Валиханов, 2010 – *Валиханов Ч.* Собрание сочинений. Т. 4. 3-е изд. А.: Изд. «Алатау», 2010. 432 с.

Васильев, 2018 – *Васильев Д.В.* Бремя империи. Административная политика России в Центральной Азии. Вторая половина XIX в. М.: Политическая энциклопедия, 2018. 638 с.

Васильев, 2020 – *Васильев Д.В.* Рождение империи. Юго-Восток России: XVIII – первая половина XIX в. СПб, 2020. 608 с.

Гимельштейн, Дамешек, Сенина, 2007 – *Гимельштейн А.В., Дамешек Л.М., Сенина Е.А.* Образ «инородцев» на страницах сибирской периодической печати. Иркутск: ЗАО Восточно-Сибирская издательская компания, 2007. 307 с.

Дамешек, 2007 – *Дамешек Л.М.* «Сибирские инородцы» в имперской стратегии власти (XVIII – нач. XX в.). [Серия «Азиатская Россия»]. Иркутск: ЗАО «Восточно-Сибирская издательская компания», 2007. 320 с.

Жанайдаров, 2006 – *Жанайдаров О.* Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі заманнан біздің уақытымызға дейін. Төрт томдық. 2 т. Құраст. О. Жанайдаров. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. 312 б.

Игнатъев, 1892 – *Игнатъев Ф.В.* Постепенное образование наших средне-азиатских владений до учреждения Туркестанского генераль-губернаторства и Туркестанского военного округа // Чтение для солдат. Журнал, издаваемый с Высочайшего соизволения. Одобрен для обращения в войсках. Год сорок пятый. Книжка первая. Вып. 1. Отдел III. Санкт-Петербург, 1892. 112 с.

Касымбаев, 2006 – *Касымбаев Ж.* Проблемы методологии, историографии и источниковедения присоединения Казахстана к России. А., 2006. 272 с.

Кирьяков, 1902 – *Кирьяков В.В.* Очерки по истории переселенческого движения в Сибирь. В связи с историей заселения Сибири. М., 1902. 372 с.

Коншин, 1903 – *Коншин И.* Материалы для истории Степного края // Памятная книжка Семипалатинской области на 1900 г. Вып. IV. Семипалатинск, 1900. С. 1–117.

Касымбаев, 2010 – *Касымбаев Ж.* // Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2010. 768 б.

Койгелдиев, 2004 – *Койгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. Алматы: Жалын, 2004. 400 б.

Левшин, 2021 – *Левшин А.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 2. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 264 с.

Маллицкий Н.Г. Казахи. – История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 1. Алматы: Издательство LEM, 2011. 436 с. С. 277–329.

Никитин, 2012 – *Никитин Н.И.* Присоединение Сибири в XVI – XVIII вв. Русская Америка // Российское государство от истоков до XIX века: территория и власть. 1150 лет Российской государственности. М., 2012. 462 с. С. 206–245.

ПСЗ РИ – Полное собрание законов Российской империи. Т. XXXVIII. Собрание 1. № 29126. Структуры управления казахами Западной Сибири [конец XVIII в. – XIX в.]. Сборник документов / Составители: Б.С. Абенова, Д.К. Абенов, Г.Ы. Купенова, К.А. Саркенова. Алматы: Нұрлы Әлем, 2025. 552 с. С. 391.

ПСЗ РИ – Полное собрание законов Российской империи. Т. XXXVIII. Собрание 1. № 29127. Структуры управления казахами Западной Сибири [конец XVIII в. – XIX в.]. Сборник документов / Составители: Б.С. Абенова, Д.К. Абенов, Г.Ы. Купенова, К.А. Саркенова. Алматы: Нұрлы Әлем, 2025. 552 с. С. 393.

Ремнев, 1995 – *Ремнев А.В.* Самодержавие и Сибирь. Административная политика в первой половине XIX в. Омск, 1995. 237 с.

Ремнев, 2010 – *Ремнев А.В.* Самодержавное правительство. М., 2010. 511 с.

Ремнев, 2015 – *Ремнев А.В.* Сибирь в имперской географии власти XIX – начала XX веков. Омск, 2015. 580 с.

Ремнев, 2017 – *Ремнев А.В.* Колониальность, постколониальность и «историческая политика» в современном Казахстане // Мусульмане в новой имперской истории: Сб. статей / отв. ред. и сост. В.О. Бобровников, И. Герасимов, С. Глебов, А. Каплуновский, М. Могильнер, А. Семёнов. М.: ООО «Садра», 2017. 424 с. С. 171–213.

Семенов, 1889 – *Семенов П.П.* Туркестан и Закаспийский край в 1888 г. // Изв. Имп. Рус. Геогр. Общ. Т. XXIV, 1888 г. Вып. V. Санкт-Петербург, 1889. URL: <https://abashin.org/2025/04/24/semyonov-p-p-turkestan-i-zakaspjskij-kraj-v-1888-godu/> қаралды: 4.1.2026.

Храмов, 2012 – *Храмов А.В.* Развитие системы территориального управления Российской империи в XIX в. Дисс. ... канд. ист. наук. Саранск, 2012. 24 с.

Чернышев, 2003 – *Чернышев А.А.* История Западной Сибири 1822–1917 гг. в Российских энциклопедиях XIX – XX вв. Автореферат дисс. ... канд. ист. наук. Тюмень, 2003. 27 с.

Ядринцев, 1876 – *Ядринцев Н.М.* Сперанский и его реформы в Сибири // Вестник Европы. СПб., 1876. Т. 3. № 5. С. 93–116.

Ядринцев, 1892 – *Ядринцев Н.М.* Сибирь как колония в географическом, этнографическом и историческом отношении. 2-е изд. СПб.: Изд. И.М. Сибирякова, 1892. 720 с.

Sources

QROMA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arhivі [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]

References

- Andreev, 1998 – *Andreev I.G.* Opisanie Sredney ordy kirgiz-kaisakov. Ch. 1. Opisanie Sredney ordy kirgiz-kaisakov s prinalozhashimiy i kasayshimisiya do sego Naroda dopolnnyamy, prilezhashih k Rossiskoi granitsh Sibirskoi linii po chasti Kolivanskoi i Tobolskoi guberny k krepostyam, sobrannoe 1785 goda kapitanom Andreevim [Description of the Middle Horde of the Kirghiz-Kaisaks. Part 1. Description of the Middle Horde of the Kirghiz-Kaisaks with additions belonging to and concerning this people, adjacent to the Russian border of the Siberian line along the Kolyvan and Tobolsk provinces to the fortresses, collected in 1785 by Captain Andreev]. Almaty: Gylym, 1998. 255 p. [in Rus]
- Asfendiyarov, 1998 – *Asfendiyarov S.D.* Proshloe Kazakhstana v istochnikah i materialah [The Past of Kazakhstan in Sources and Materials]. Pod red. prof. Asfendiyarova S.D. 2-e izd. Almaty: 1998. Sb. 2. 350 p. [in Rus]
- Bekmakhanov, 1994 – *Bekmakhanov E.* Kazakhstan XIX gasirdin 20–40 zhyldarinda [Historical destinies of the Kyrgyz region and its cultural successes of the 20-40s.]. Almaty: Sanat, 1994. 416 p. [in Kaz]
- Bezvikonnaya, 2017 – *Bezvikonnaya E.* Geopoliticheskoe prostranstvo Stepnogo kraya: Omskaya oblast i problema granitsh v gosudarstvennom stroitelstve Rossyskoi imperiy (20–30-e gg. XIX v.) [Geopolitical space of the Steppe region: Omsk region and the border problem in state-building of the Russian Empire (1820-30s)]. *Musulmane v novoi imperskoi istori*: Sb. Statei. Otv. red. i sost. B.O. Bobrovnikov i dr. M.: OOO “Sadra”, 2017. 424 p. [in Rus]
- Bokeikhan, 2017 – *Bokeikhan A.* Istoricheskie sudby Kirgizskogo kraya i kulturnye ego uspekhy [Historical destinies of the Kyrgyz region and its cultural successes]. *Bokeykhan Alykhan*. Shygarmalary – Sochyneniya. Astana, 2017. 616 p. [in Kaz]
- Bronevsky, 1830 – *Bronevsky G.S.* Zapiski general-mayora Bronevskogo. O Kirgiz-kaisakh Sredney Ordy [Notes of Major General Bronevsky. On the Kirghiz-Kaisaks of the Middle Horde]. *Otechestvennie zapisky*. Sankt-Peterburg, 1830. № 119. Pp. 400–419. [in Rus]
- Byikov, 2006 – *Byikov A.U.* Rossiskaya pravitelstvennaya politika v stepnih oblastyakh i transformatsia traditsionnogo kazakhskogo obshestva (1731–1917) [Russian government policy in the steppe regions and the transformation of traditional Kazakh society (1731–1917)]. Avtoref. diss. ...d. ist. n. Sankt-Peterburg, 2006. 44 p. [in Rus]
- Chernyshev, 2003 – *Chernyshev A.A.* Istorია Zapadnoi Sibiry 1822–1917 gg. v Rossyskikh entiklopediyah XIX – XX vv. [History of Western Siberia 1822–1917 in Russian encyclopedias of the 19th – 20th centuries]. Avtoref. giss. kand. ist. nauk. Tyumen, 2003. 27 p. [in Rus]
- Dameshek, 2007 – *Dameshek L.M.* “Sibirskye inorodthy” v imperskoy strategiy vlasti (XVIII – nach. XX v.) [“Siberian foreigners” in the imperial strategy of power (XVIII – beginning. XX century)] [Seria “Aziatskaya Rossia”]. Irkutsk: Vostochno-Sibirskaya izdatelskaya kompaniya, 2007. 320 p. [in Rus]
- Gimelshtein, Dameshek, Senina, 2007 – *Gimelshtein A.V. Dameshek L.M. Senina E.A.* Obraz “inorodtsev” na stranitsh sibirskoi periodicheskoi pechati [The Image of “Indigenous Peoples” in the Pages of Siberian Periodicals]. Irkutsk: Vostochno-Sibirskaya izdatelskaya kompaniya, 2007. 307 p. [in Rus]
- Ignatiev, 1892 – *Ignatiev F.V.* Postепенnoe obrazovanie nashih sredne-aziatskih vladeny do uchrezhdenie Turkestanskogo general-gubernatorstva i Turkestanskogo voennogo okruga [The Gradual Formation of Our Central Asian Possessions Prior to the Establishment of the Turkestan Governorate-General and the Turkestan Military District]. *Chtenie dlya soldat. Zhurnal, izdavaemyi s Vysochaichego soizvolenya*. Odobren dlya obrachenya v voiskah. God 45. Knizhka 1-ya. Vyp. 1. Otdel III. Sankt-Peterburg, 1892. 112 p. [in Rus]
- Kasymbaev, 2006 – *Kasymbaev Zh.* Promblemy metodology, istoriografyy i istochnikovedenya prisoedinenya Kazakhstana k Rossii [Problems of Methodology, Historiography, and Source Studies of the Annexation of Kazakhstan to Russia]. Almaty, 2006. 272 p. [in Rus]
- Kasymbaev, 2010 – *Kasymbaev Zh.* *Kazakhstan tarihi*. Kone zamannan buginge dein [History of Kazakhstan. From ancient times to the present]. 5 tomdyk. 3-tom. Almaty: Atamura, 2010. 768 p. [in Kaz]
- Khramov, 2012 – *Khramov A.V.* Razvitie sistemy territorialnogo upravleniya Rossyskoi imperiy v XIX v. [Development of the territorial administration system of the Russian Empire in the 19th century]. Diss. ... kand. ist. nauk. Saransk, 2012. 24 p. [in Rus]
- Kiryakov, 1902 – *Kiryakov V.V.* Ocherky po istoriy pereselencheskogo dvizheniya v Sibir. V svyazi s istoriy zaseleniya Sibiri [Essays on the History of the Migration Movement to Siberia. In Connection with the History of the Settlement of Siberia]. M., 1902. 372 p. [in Rus]
- Koigeldiev, 2004 – *Koigeldiev M.* Uyltyk sayasi elita. Kyzmeti men tagdyri (XVIII – XX gg.) [National political elite. Activity and fate (XVIII-XX centuries.)]. Zertteuler. A.: Zhalyn, 2004. 400 b. [in Kaz]
- Konshin, 1903 – *Konshin I.* Materyaly dlya istoriy Stepnogo kraya [Materials for the history of the Steppe region]. *Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoi oblasti na 1900 g.* Vyp. IV. Semipalatinsk, 1900. Pp. 1–117. [in Rus]
- Levshin, 2021 – *Levshin A.* Opisanie kirgiz-kazachykh ili kirdiz-kaisathkih ord i stepy [Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaisak Hordes and Steppes]. Ch. 2. Spb.: Tip. Karla Kraya, 1832. 264 p. [in Rus]
- Malithky, 2011 – *Malithky N.G.* Kazakhy [Kazakhs]. *Istoria Kazakhstana v dokumentah i materialah*: Almanah. Vyp. 1. Almaty: Izdatelstvo LEM, 2011. 436 p. Pp. 277–329. [in Rus]

- Nikitin, 2012 – *Nikitin N.I.* Prisoedinenie Sibiry v XVI – XVIII vv. Russkaya Amerika [Annexation of Siberia in the 16th – 18th Centuries. Russian America]. *Rossiskoe gosudarstvo ot istokov do XIX veka: territoriya i vlast. 1150 let Rossiiskoi gosudarstvennosti*. M., 2012. 462 p. Pp. 206–245. [in Rus]
- PSZ RI – *Polnoe sobranie zakonov Rossyskoi umpery* [Complete Collection of Laws of the Russian Empire]. T. XXXVIII. Sobranie 1. № 29126. Strukturi upravlenya kazakhami Zapadnoi Sibiri [koneth XVIII v. – XIX v.]. Sbornik dokumentov. Sostaviteli: B.S. Abenova, B.S. Abenov, G.I. Kупenova, K.A. Sarkenova. Almaty: Nurly Alem, 2025. 552 p. P. 391. [in Rus]
- PSZ RI – *Polnoe sobranie zakonov Rossyskoi umpery* [Complete Collection of Laws of the Russian Empire]. T. XXXVIII. Sobranie 1. № 29127. Strukturi upravlenya kazakhami Zapadnoi Sibiry [koneth XVIII v. – XIX v.]. Sbornik dokumentov. Sostaviteli: B.S. Abenova, B.S. Abenov, G.I. Kупenova, K.A. Sarkenova. A.: Nurly Alem, 2025. 552 p. P. 393. [in Rus]
- Remnev, 1995 – *Remnev A.V.* Samoderzhavie i Sibir. Administrativnaya politika v pervoi polovine XIX v. [Autocracy and Siberia. Administrative Policy in the First Half of the 19th Century]. Omsk, 1995. 237 p. [in Rus]
- Remnev, 2010 – *Remnev A.V.* Samoderzhavnoe pravitelstvo [Autocratic Government]. M., 2010. 511 p. [in Rus]
- Remnev, 2015 – *Remnev A.V.* Sibir v imperskoi geografii vlasti XIX – nachala XX vekov [Siberia in the Imperial Geography of Power in the 19th – Early 20th Centuries]. Omsk, 2015. 580 p. [in Rus]
- Remnev, 2017 – *Remnev A.V.* Kolonialnost, postkolonialnost i “istoricheskaya politika” v sovremennom Kazakhstane [Coloniality, postcoloniality, and the "politics of history" in modern Kazakhstan]. *Musulmane v novoi imperskoi istorii: Sbornik statei*. Otv. red. i sost. B.O. bobrovnikov, I. Gerasimov, S. Glebov, A. Kaplunovskii, M. Mogilner, A. Semenov. M.: OOO “Sadra”, 2017. 424 p. Pp. 171–213. [in Rus]
- Semenov, 1889 – *Semenov P.P.* Turkestan i Zakaspijskiy kray v 1888 g. [Turkestan and the Transcaspiian Region in 1888]. *Izv. Imp. Rus. Geogr. Obsch.* T. XXIV, 1888 g. Vyp. V. Sankt-Peterburg, 1889. URL: <https://abashin.org/2025/04/24/semyonov-p-p-turkestan-i-zakaspijskiy-kraj-v-1888-godu/>[in Rus]
- Valikhanov, 2010 – *Valikhanov Ch.* Sobranie sochineniy [Collected Works]. T. 4. 3-e izd. Almaty: Izd. “Alatay”, 2010. 432 p. [in Rus]
- Vasiliev, 2018 – *Vasiliev D.V.* Breyma imperii. Administrativnaya politika Rossii v Thentralnoi Azii [The Burden of Empire. Russia's Administrative Policy in Central Asia]. 2-ya polovina XIX v. M.: Politicheskaya enthiklopedia, 2018. 638 p. [in Rus]
- Vasiliev, 2020 – *Vasiliev D.V.* Rozhdenie imperii. Ugo-Vostok Rossii: XVIII – pervaya polovina XIX v. [The Birth of an Empire. Southeast Russia: The 18th – First Half of the 19th Century]. Spb, 2020. 608 p. [in Rus]
- Yadrinthev, 1876 – *Yadrinthev N.M.* Speranskiy i ego reformy v Sibiry [Speranskiy and His Reforms in Siberia]. *Vestnik Europy*. Spb., 1876. T. 3. № 5. Pp. 93–116. [in Rus]
- Yadrinthev, 1892 – *Yadrinthev N.M.* Sibir kak koloniya v geograficheskom, etnograficheskom i istoricheskom otnoshenii [Siberia as a Colony in Geographical, Ethnographic, and Historical Respect]. 2-e izd. Spb.: Izd. I.M. Sibiriakova, 1892. 720 p. [in Rus]
- Zhanaidarov, 2006 – *Zhanaidarov O.* / Korkemsuretti Kazakhstan tarihi. Ezhelgi zamannan bizdin uakytimizga dein [Korkemsuretti Kazakhstan tarihi. If you are lured by a foolish act]. 4 tomdyk. Ekinshi tom. Kurastyryshi avtor O. Zhanaidarov. Almaty: Kazakh enthiklopediyasi, 2006. 312 p. [in Kaz]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru